

Әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Үргыз аудандық мәслихатының 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 134 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 сәуірде № 3856 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Үргыз аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 225 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Үргыз аудандық мәслихатының 23.12.2015 № 225 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Үргыз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атаулы және мерекелік күндерге әлеуметтік көмектің мөлшерлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Ай сайын:
 - 1)-Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызметтерді төлеу үшін сегіз мың теңге көлемінде қаржылай әлеуметтік көмек көрсетілсін;
 - 2)-"Үргыз аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұсынған тізімдерге сәйкес үйден оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға бір айлық есептік көрсеткіш көлемінде қаржылай әлеуметтік көмек көрсетілсін;
 - 3) онкологиялық аурулардан зардап шеккен азаматтарға, ҚТВ инфекциясын жүқтірған және туберкулездің әртүрлі түрімен ауыратын науқастарға, "Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Үргыз орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тізімі бойынша амбулаториялық ем алу кезінде алты айдан аспайтын мерзімге он айлық есептік көрсеткіш көлемінде көрсетілсін;

Ескерту. 2 тармақта өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Үргыз аудандық мәслихатының 20.05.2015 № 184 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы:

Аудандық мәслихаттың хатшысы:

Ж. СУЛЕЙМЕНОВ

К. ҚОСАЯКОВ

Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 16
сәуірдегі № 134 шешіміне қосымша

Атаулы күндер мен мерекелік күндерге біржолғы әлеуметтік көмектің мөлшерлері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Үргыз аудандық мәслихаттының 30.10.2015 № 212 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Келесі санаттарға:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне, 9 мамыр - Женіс күніне орай 100 мың теңге мөлшерінде;

Женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысуышыларына және мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға, 9 мамыр - Женіс күніне орай 50 мың теңге мөлшерінде;

Женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысуышыларына теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, 9 мамыр- Женіс күніне орай 30 мың теңге мөлшерінде;

Мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатын 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамыры аралығында кемінде 6 ай әскери қызмет өткөрген және тылда жұмыс жасаған тұлғаларға, 9 мамыр - Женіс күніне орай 15 мың теңге мөлшерінде;

Мүгедек деп танылмаған, екінші рет некеге отырмаған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысуышылардың әйелдеріне (куйеулеріне), 9 мамыр - Женіс күніне орай 25 мың теңге мөлшерінде;

Ауған соғысында қайтыс болған ауғандық жауынгерлерінің ата-аналарына және екінші рет некеге отырмаған әйелдеріне, 9 мамыр - Женіс күніне орай 25 мың теңге мөлшерінде;

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы мүгедектерге, қазан айының екінші жексенбісі мүгедектер күніне орай 30 мың теңге мөлшерінде;

18 жасқа дейінгі балаларына атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасыларға 1 маусым - Халықаралық балалар күніне орай 20 мың теңге мөлшерінде.

2. Азаматтардың кейбір санаттары біржолғы әлеуметтік көмектің бірнеше түріне құқылды болған жағдайда, (статусына сәйкес) әр түрлі атаулы күндер мен

мереке күндеріне біржолғы әлеуметтік көмектің тек бір түрі (мөлшері бойынша ең жоғары) көрсетіледі.

3. Әлеуметтік көмектің сомаларын төлеу ақшалай қаражатты "Қазпошта" акционерлік қоғамы Ақтөбе облыстық филиалының Үрғыз аудандық почта байланыс торабы арқылы алушылардың дербес шоттары немесе карталық шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК